

 <p>ҚАЗ ҰТЗУ</p>	<p align="center">ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ «Қ.И. СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ</p>	
<p>3 деңгейдегі СМЖ құжаты</p>	<p>2016 жылғы «08» шілде №2 басылым</p>	<p>E 029-04.14.2.70.02-2016</p>

Ғылыми орталықтардың қызметі жөніндегі

ЕРЕЖЕ

E 029- 04.14-2.70.02-2016

Алматы 2016

АЛҒЫ СӨЗ

1 «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Ғылым департаментінде **ӘЗІР-ЛЕНДІ**

Ғылым

департаментінің директоры

«27» 06 2016 ж.

Г. Жүнісова

2 КЕЛІСІЛДІ:

Ғылым жөніндегі проректор

«4» 07 2016 ж.



М.Орынханов

Қаржы және есеп

департаментінің директоры

«1» 07 2016 ж.

К. Жумабаева

Корпоративтік даму

департаментінің директоры

«30» 06 2016 ж.

Ж. Файзуллаева

Мониторинг және білім сапасын

бағалау басқармасының бастығы

«29» 06 2016 ж.

А. Сауранбаева

Заң және құжаттамалық

қамтамасыз ету бөлімінің бастығы

«28» 06 2016 ж.

Б.Туткина

Мемлекеттік тілді дамыту бөлімі

3 Ректордың 2016 жылғы «08» 07 №254 бұйрығымен **БЕКІТІЛДІ**

4 2015 жылғы 18 қыркүйегіндегі № 1 басылымның орнына **ЕНГІЗІЛДІ**

МАЗМҰНЫ

1 Жалпы ереже	4
2 Нормативтік сілтемелер	4
3 Ғылыми орталықтар қызметінің негізгі мақсаты, міндеттері мен қағидалары	5
4 Ғылыми орталықтар қызметінің экономикалық және құқықтық негіздері	7
5 Ғылыми орталықтардың кадрлармен қамтылуы	9
6 Ғылыми орталықтардың қызметін құру, жоспарлау және ұйымдастыру	9
7 Ғылыми орталықтардың қызметін басқару және бақылау	10
8 Ғылыми орталықтардың жауапкершілігі	10
Өзгерістерді енгізу парағы	12

1 Жалпы ереже

1.1 Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дағы (бұдан әрі - Университет) ғылыми орталықтар өзін-өзі қаржыландыру негізінде қызмет ететін Университеттің құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

1.2 Университеттің ғылыми орталықтары экономикалық өсімді арттыру, экономиканың келешегі бар секторларының бәсекеге қабілеттілігін дамыту, республикадағы қоғамды басқару салаларында прогрессивті әсер ету бойынша республиканың индустриалды-инновациялық даму мәселелерін шешуге бағытталған республиканың және университеттің құрылымдық бөлімшелерінің ғылыми және кадрлық әлеуетінің күшін біріктіру, үйлестіру және шоғырландыру үшін құрылады.

1.3 Университеттегі ғылыми орталықтардың атауы – өз қызметін атқаратын немесе инновация мен инфрақұрылымды дамыту үшін ғылыми бөлімдер көрсететін қызмет түрлері бойынша, мемлекеттің экономикасының басым технологиялық даму бағыттарына нұсқау бар атаудан құралуы керек. Университеттің ғылыми орталықтары Қазақстанның экономикасының әр түрлі даму бағыттары бойынша жұмысын жүзеге асырады.

1.4 Университеттің ғылыми орталықтарының жұмысына ғылыми және инновациялық жобалар мен бағдарламаларды тиімді іске асыру үшін ғылыми және инновациялық әлеуеті бар Университеттің барлық кафедралары, институттары, зертханалары және басқа бөлімшелері қатыса алады.

2 Нормативтік сілтемелер

2.1 Университеттің ғылыми орталықтары өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдылықтары мен құқықтық құжаттарды басшылыққа алады:

– Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV «Ғылым туралы» Заңы, 2014 жылдың 29-шы қыркүйегіне дейінгі өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім беру туралы» Заңы, 2016 жылдың 9-шы наурызына дейінгі толықтырулар мен өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 09 қаңтардағы №534-IV «Мемлекеттік индустрия-инновациялық қызметін қолдау туралы» Заңы, 2014 жылдың 29-шы қыркүйегіне дейінгі толықтырулар мен өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 09 қарашадағы «Техникалық реттеу туралы» заңы, 2014 жылдың 29-шы желтоқсанына дейінгі толықтырулар мен өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі №427 «Қазақстан Республикасының Патентті заңы», 2015 жылдың 07-ші сәуіріне дей-

інгі толықтырулар мен өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 07 сәуірдегі №300-V «Интеллектуалды меншік мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы» заңы;

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы №520 Министрдің бұйрығымен бекітілген 2014-2018 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Стратегиялық жоспары;

– Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 01 тамыздағы №874 «2015-2019 жылдарға Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Жарлығы, ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген 2016 жылдың 6-шы маусымындағы №315 бұйрығына толықтырулар мен өзгертулер енгізумен;

– ГОСО ҚР 5.03.011 – 2006 «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі. Жоғары оқу орындарындағы ғылыми-зерттеу жұмысы»;

– МЕСТ 7.32 – 2001. Ғылыми-зерттеу жұмыстары жөніндегі есеп;

– ҚР СТ МЕСТ Р 15.011-2005. Патентті зерттеулер туралы есеп;

– ҚР Білім және ғылым Министрінің 2016 жылғы 16 қазанындағы №602 бұйрығымен бекітілген «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысы;

– Университет ректорының, жетекшілік ететін проректордың бұйрықтары мен өкімдерімен және осы Ереженің талаптарымен жетекшілік етеді.

2.2 Осы Ережеде келесі нормативтік құжаттардың талаптары сақталған:

– Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ сапа бойынша нұсқаулығы;

– ҚР СТ ИСО 9001:2009. Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар;

– ҚР СТ стандарттары;

– ҚР СТ 1157-2002 " Жоғары кәсіптік білім. Білім беруді ұйымдастыруда сапа менеджменті жүйесі ";

– КЕАҚ СТ 38944979-07-2011. Университеттің нормативті құжаттары. Жасау, келісу, бекіту, тіркеу және жаңарту реті.

3 Ғылыми орталықтар қызметінің негізгі мақсаты, міндеттері, қағидалары

3.1 Университеттің ғылыми орталықтарының **мақсаты** - келешегі бар ғылыми бағыттары (энергетика, машина жасау, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, шикізаттар мен өнімдерді қайта өңдеу, ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар, өмір туралы ғылым, елдің интеллектуалды әлеуеті) бойынша және келешегі бар экономикалық секторларды ғылыми-техникалық қамту мен дамыту (таукен-металлургиялық және мұнайгаз секторлары, химиялық өнеркәсіп, машина жасау, құрылыс индустриясы, ақпа-

раттық және телекоммуникациялық технологиялар, балама энергетика мен ғарыштық қызмет) үшін, зерттеулердің нәтижелерін өндірісте коммерциаландыру, зерттеу нәтижелерін оқу үдерісіне ендіру үшін республиканың, шетелдің және университеттің ғылыми бөлімдерінің ғылыми-педагогикалық және инженерлік-техникалық әлеуетін біріктіру.

3.2 Университеттің ғылыми орталықтарының негізгі **міндеттері**:

– келешегі бар мемлекеттік ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жобалар мен бағдарламаларды, шаруашылық келісім-шарттарды жасау және іске асыру;

– Университеттің және шеткі ұйымдардың жобалары мен бағдарламаларының нәтижелерін сараптауға, талдауға және бағалауға қабілетті университеттің, республиканың және шетелдің жетекші ғалымдарының қатарынан Уақытша шығармашылық ұжымдар мен кеңестер құру;

– тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес орындалып жатқан жобалар мен бағдарламаларды сауатты түрде ғылыми-әдістемелік қолдау;

– интеллектуалды меншікті және ғылыми-техникалық ақпаратты қорғау;

– ғылыми-техникалық және интеллектуалды әлеуетті пайдалану тиімділігін арттыру;

– жетекші әлемдік және отандық ғылыми орталықтармен және жоғары оқу орындарымен ғылыми ынтымақтастықты дамыту, өндірістік кәсіпорындар мен мемлекеттік даму және қорлар мен, қаржылық мекемелермен және мемлекеттік билік пен шетелдік мемлекеттік органдарымен ғылыми-техникалық ынтымақтастықты кеңейту;

– зерттеулер мен өндірістер арасында экономикалық, ақпараттық және басқа байланыс түрлерін және инновацияларды коммерциаландыруды қамтамасыз ететін механизмдерді жасау және іске асыру;

– ғылыми және инновациялық зерттеулерге студенттерді, магистранттарды, докторанттар мен жас ғалымдарды (ғылым кандидаттары мен докторлары, магистрлер мен PhD докторлары) тарту, олардың қатарынан орындалған жобалар мен бағдарламалар нәтижесіне қызығатын университеттің шығармашылық белсенді жастарын таңдап алу;

– әлемдік стандарт деңгейлеріне сәйкес магистранттардың және PhD докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау;

– бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау, импакт-факторы жоғары немесе нолдік емес ($IF > 0,25$) республикалық және халықаралық рейтингті басылымдарда мақалаларды жариялау; конференцияларда, симпозиумдарда, форумдарда және басқа да іс-шараларда ресми мақұлдау, инновациялық жобалардың көрмесінде экспозициялау арқылы инновациялық қызметтің және зерттеулердің нәтижелерін кеңінен насихаттау.

3.3 Университеттің ғылыми орталықтарында ғылыми және инновациялық қызметті ұйымдастырудың негізгі **қағидалары**:

- студенттерді, магистранттар мен докторанттарды дайындау сапасын арттыру үшін және олардың нарықтық шарттарға жедел бейімделуіне және/немесе халықаралық инженерлік қоғамға интеграциялануына мүмкіндік беретін жағдайды жасау үшін орындалып жатқан жобалар мен бағдарламаларды оқу үдерісімен біріктіру;
- ғылыми зерттеулер мен әзірленімдердің нәтижелерін коммерцияландыруға көзделуі, олардың экономиканың басым бар секторларының қажеттіліктеріне бағытталуы;
- зерттеу нәтижелеріне қол жеткізу дәйектілігі;
- қаржы ресурстарын және ғылыми-техникалық инфрақұрылымды тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін ашықтық қағидасы;
- кезендерді келісу және стратегиялық нәтижелер алу үшін өзара байланыс қағидалары;
- жобаларды орындаушылардың біліктілігіне сәйкес еңбекті бөлу қағидасы;
- жоғары кәсіпті мамандар командасын қалыптастыру үшін тиімді кадрлық саясат қағидасы;
- зерттеулердің нәтижелерін сандық және сапалық бағалау қағидасы.

4 Ғылыми орталықтар қызметінің экономикалық және құқықтық негіздері

4.1 Университеттің ғылыми орталықтары өз қызметін өзін-өзі қаржыландыру негізінде іске асырады. Университеттің ғылыми орталықтарының бюджеті - грантты және бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру негізінде бюджетті көздерден, сонымен қатар республикалық және халықаралық деңгейдегі түрлі қорлармен, өнеркәсіптермен бюджеттен тыс қаржыландыру көздерінен бағдарламалардың әкімгерлерімен берілетін қаржы көздерінен, сонымен қатар Университетпен не демеушілік ретінде басқа ұйымдармен берілетін активтерден қалыптастырылады.

4.2 Университеттің ғылыми орталықтары құқылы:

- республикалық және халықаралық қорлар, ұйымдар мен кәсіпорындар ұйымдастыратын ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жобалар мен бағдарламалардың конкурстарына қатысу;
- келешегі бар ғылыми бағыттар бойынша және мемлекет экономикасының басым секторларын дамыту үшін ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жобалар мен бағдарламаларды жасау;
- Университеттің, республиканың және шетелдің жобалары мен бағдарламаларын сараптауға қатысу;
- Университеттің, республиканың және шетелдің жобалары мен бағдарламаларын орындау үшін уақытша шығармашылық ұжымдарды қалыптастыру;

- Университеттің, республиканың және шетелдің жобалары мен бағдарламаларын орындау үшін зертханаларды құру;
- Мемлекеттің экономикасы үшін инновациялар, әлеуметтік-экономикалық және экологиялық маңызы зор келешегі бар ғылыми-техникалық және технологиялық нәтижелерді таныстыруға және ары қарай іске басыруға;
- жасалған зерттемелерді коммерцияландыру және трансферттеу үшін қатысу;
- импортталатын және экспортталатын, зерттелетін технология мен жабдықтардың арбитражды зерттеулері мен сынауларын өткізу;
- университеттің ғылыми-техникалық өнімдерін өткізу бойынша ұсыныстарды ендіру (мұнда төлем жүйесі мен түрі Университеттің уақытша шығармашылық ұжымы жөніндегі ереженің негізінде іске асырылады);
- Ректордың немесе жетекші проректордың атынан басқа ұйымдармен өзара әрекеттесу жөнінде келісім-шарттарды жасасу;
- жобалар мен бағдарламаларды орындау үшін келісім-шарттарды жасасу және ұзарту бойынша ұсыныстарды ендіру;
- басым ғылыми бағыттар мен ақпараттық-аналитикалық қамтуды түзету бойынша Министрліктерге және ведомстволық мекемелерге ұсыныстар беру;
- қаржы көздерінің қорынан және тапсырыс берулердің қаржысынан университеттің ғылыми орталықтарының мамандарын марапаттау;
- дау туғызған мәселелерді заңға сәйкес шешу.

4.3 Университеттің ғылыми орталықтары міндетті:

- өз қызметін ҚР ағымдағы заңдылықтарына, Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына, осы Ережеге, Университет ректорының бұйрықтары мен өкімдеріне, ҚР БжҒ Министрлігінің бұйрықтарына сәйкес іске асыруға;
- тапсырыс берушілердің интеллектуалды және өндірістік меншіктерінің құқықтары мен ақпараттарының құпиялылығын қамтамасыз етуге;
- орындалатын жобалар мен бағдарламалар бойынша теориялық білімдерді және әдістемелік зерттемелерді жүйелі түрде жетілдіруге;
- ғылыми және инновациялық зерттеулердің нәтижелерін ендіру үшін қатысуға;
- ғылыми және инновациялық зерттеулер нәтижелерін республикада және шетелде белсенді түрде насихаттауға;
- ғылыми және инновациялық зерттеулердің нәтижелерінің, техникалық құжаттаманың РМСЖ талаптарына, ҚР басқа стандарттарына және халықаралық стандарттарға сәйкес болуын қамтамасыз етуге;
- ғылыми және инновациялық зерттеулердің нәтижелерінің дұрыстығын, объективтілігін және дәлдігін қамтамасыз етуге қолдау көрсетуге;
- ғылыми және инновациялық зерттеулердің кері нәтижелері жөнінде тиісті мемлекеттік қадағалау органдарына жеткізуге;

- адамдардың өмір және денсаулық қауіпсіздігін, университет меншігінің және қоршаған ортаның сақтығын қамтамасыз ету үшін қолдау көрсетуге;
- ғылыми орталықтардың қызмет шеңберінде өз міндеттемелерін орындау үшін қажетті өкілеттігі мен ресурстары бар басқарушы және техникалық қызметкерлерді топтауға;
- Университеттің ғылыми орталықтарына сенімділіктің төмендеуіне алып келетін қандай да бір жұмысты болдырмау мақсатында саясат пен рәсімдерді анықтауға;
- тапсырыс беруші мен қадағалау органдарына ғылыми және инновациялық зерттеулердің нәтижелері жөнінде есеп берулерді уақытылы беруге;
- ғылыми және инновациялық қызмет жөніндегі есеп берулерді ғылыми-техникалық кеңеске (бұдан әрі-ФТК) және жетекші проректорға әр жылдың 15 желтоқсанынан кешіктірмей ұсыну.

5 Ғылыми орталықтардың кадрлармен қамтылуы

5.1 Университеттің ғылыми орталықтарының құрамына:

- Ғылыми орталықтың ғылыми жетекшісі штаттық немесе штаттан тыс қызметкері болатын университеттің жетекші ғалымы. Ол ғылыми орталықты басқарады, ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жобалар мен бағдарламаларды үйлестіреді, әлеуетті тапсырыс берушілерді іздейді;
- Ғылыми орталықтың штаттағы қызметкері болатын Ғылыми орталықтың директоры, ол ғылыми орталықтың негізгі мақсаты мен міндеттерін орындау бойынша жұмыстарды басқарады, ұйымдастырады, үйлестіреді;
- Ғылыми орталықтың қызметкерлері, университеттің ғылыми орталықтарының ғылыми және инновациялық зерттеулеріне ғылыми-әдістемелік қолдау көрсетеді және орындайды.

5.2 Университеттің ғылыми орталықтарының кадрлық құрамы мамандардың перспективтілігін ескере отырып және орындалған жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыру көлеміне байланысты штатты кестеге сәйкес анықталады.

5.3 Университеттің ғылыми орталықтарының қызметкерлеріне қойылатын талаптар кадрларды таңдау бойынша (біліктілік талаптары) ағымдағы нормативті құжаттармен анықталады және орындалатын ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың күрделілігі мен маңыздылығына сәйкес болады.

6 Ғылыми орталықтардың қызметін құру, жоспарлау және ұйымдастыру

6.1 Университеттің ғылыми орталықтары - институттардың ұсыныстары, ФТК немесе университеттің ғылыми кеңесінің ұсыныстары немесе ше

шімдері бойынша университеттің Ректорының бұйрығымен құрылады.

6.2 Институттардың өтініштерінде немесе жетекші ғалымның университеттің ғылыми орталықтарын құру туралы ұсынысында зерттеудің техника-экономикалық дәйектемесі, маңыздылығы мен оны құру перспективтілігі көрсетілуі керек.

6.3 Университеттің ғылыми орталықтары университеттің даму бағдарламасына сәйкес өз қызметін жоспарлайды.

6.4 Университеттің ғылыми орталықтарының жұмыс жоспары ғылыми жетекшімен жасалады және Университеттің ФТК бекіту үшін ұсынылады, оған ғылыми және инновациялық қызмет саласындағы университеттің мақсаты мен міндетін дамытатын шараларды орындау реті мен мерзімі кіреді.

7 Ғылыми орталықтардың қызметін басқару және бақылау

7.1 Университеттің ғылыми орталықтарының қызметін басқару және бақылаудың жоғары алқалы органы болып Университеттің ФТК-і табылады.

7.2 Университеттің ғылыми орталықтарының қызметін оперативті басқаруды және бақылауды жетекші проректор жүйеге асырады.

7.3 Ғылыми орталықты директор басқарады, ол жетекші проректордың ұсынысы бойынша Университет ректорымен тағайындалады және қызметінен босатылады.

7.4 Университеттегі ғылыми орталықтың директоры жыл сайын жетекші проректорға және Ғылым департаментіне есеп берулерді ұсынады.

7.5 Университеттің ғылыми орталықтарының қызметін тоқтату Университеттің ФТК шешімінің негізінде Университет ректорының бұйрығымен іске асырылады.

8 Ғылыми орталықтардың жауапкершілігі

8.1 Университеттің ғылыми орталықтарының директорлары мына жағдайларда жауапты болады:

- сапа саласындағы Университеттің Саясатын Университеттің ғылыми орталықтарының қызметкерлеріне дейін жеткізуге;

- Ғылыми орталықтарға жүктелген міндеттер мен функцияларды, оның ішінде сапа менеджменті жүйесі бойынша қызметтерді орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін;

- Ғылыми орталықтармен ұсынылатын ақпараттың дұрыстылығына жауап береді;

- еңбек тәртібін сақтау үшін;

- Ғылыми орталықтардың қызметкерлерімен ағымдағы нормативті және заңдылықты актілерді және сапа менеджменті жүйесі құжаттарының талаптарын орындау үшін;

- ағымдағы нұсқаулықтарға сәйкес Ғылыми орталықтардың барлық қызметкерлерімен еңбекті қорғау шаралары, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қауіпсіздік шараларын орындау үшін.

8.2 Әр қызметкердің, оның ішінде Ғылыми орталық директорының жауапкершілігі лауазымдық нұсқаулықтарымен белгіленген.

Өзгерістерді енгізу парағы

Өзгерістің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі мен тармақтары	Өзгерістің түрі (өзгерту, қосу, жою)	Хабарламаның күні, нөмірі	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі, аты-жөні, лауазымы, қолы